

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкімен “Келісілген”  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкінің  
Төрағасы (Төраға орынбасары)  
2003 жыл “      ”

“Согласовано”  
с Национальным Банком Республики  
Казахстан  
Председатель (Заместитель председателя)  
Национального Банка  
Республики Казахстан  
“      ” 2003 год

“Қазақшетсақтандыру” шетелдік  
сақтандыру компаниясы” ЖАҚ  
Акционерлерінің Жалпы Жиналысы  
“Бекіткен”  
2003 жылдың 31 шілдесі  
№ 7 хаттама

“Утверждено”  
Общим собранием акционеров  
ЗАО “Компания по иностранному  
страхованию” “Казахинстрах”  
Протокол № 7  
От 31 июля 2003 года

“ҚАЗАҚШЕТСАҚТАНДЫРУ”  
шетелдік сақтандыру компаниясы”  
Акционерлік қоғамының  
ЖАРҒЫСЫ

УСТАВ  
Акционерного общества  
“Компания по иностранному страхованию  
“КАЗАХИНСТРАХ”

Алматы қаласы, 2003 жыл  
Город Алматы, 2003 год

## 1 бап. Жалпы ережелер

1. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жасалған және “Қазақшетсақтандыру” шетелдік сақтандыру компаниясы” Акционерлік қоғамының, әрі қарай “Қоғам” деп аталады, үйымдастырылуының, жұмыс істеуінің, қайта үйымдастырылуының және таратылуының негіздерін анықтайды және “Қазақшетсақтандыру” шетелдік сақтандыру компаниясы” ЖАҚ –тың Қазақстан Республикасы Қаржы Вице-министрі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің Директоры бекіткен, 1998 жылдың 16 қыркүйегіндегі Жарғысын ауыстырады.
2. Қоғам Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 16 мамырындағы “Акционерлік қоғамдар туралы” Заңына (мәтін бойынша әрі қарай - Заң), Қазақстан Республикасының 2000 жылдың 18 желтоқсанындағы “Сақтандыру қызметі туралы” Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылдың 17 тамызындағы № 776 “Қазақстан Республикасы “Қазақсақтандыру” шетелдік сақтандыру мемлекеттік компаниясын қайта үйымдастыру туралы” Қаулысына және Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес құрылды және әрекет етеді.

## 2 бап. Қоғамның атауы

### 1. Қоғамның толық атауы:

- 1) мемлекеттік тілде: “Қазақшетсақтандыру” шетелдік сақтандыру компаниясы” Акционерлік қоғамы;
- 2) орыс тілінде: Акционерное общество “Компания по иностранному страхованию “Казахинстрах”;
- 3) ағылшын тілінде: Joint-Stock company “Company for foreign Insurance “Kazakhinstrakh”.

### 2. Қоғамның қысқаша атауы:

- 1) мемлекеттік тілде: “Қазақшетсақтандыру” АҚ;
- 2) орыс тілінде: АО “Казахинстрах”;
- 3) ағылшын тілінде: JSC “Kazakhinstrakh”.

### 3. Қоғамның атқарушы органдының орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы, 480004, Алматы қаласы, Жібек жолы к-сі, 69.

## 3 бап. Қоғамның құқықтық мәртебесі

1. Қоғам Қазақстан Республикасы “Қазақшетсақтандыру” шетелдік сақтандыру мемлекеттік компаниясының” шаруашылық жүргізу құқығы бар мемлекеттік кәсіпорнының (Алматы қ. Әділет басқармасы берген, 1996 ж. 14 қазанындағы № 6902-1910 МК мемлекеттік қайта үйымдастыру туралы куәлік) құқық мирасқоры болып табылады.

2. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес занды тұлға болып табылады, меншік құқығы негізінде оқшауланған мүлкі бар және осы мүлікпен өзінің міндеттемелері бойынша жауап береді, өзінің атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар ала және іске асыра алады, міндеттер атқарып, сотта талапкер не жауапкер бола алады.

Қоғамның ресми мәртебесі занды тұлғаны Қазақстан Республикасының әділет органдарында Қоғам ретінде мемлекеттік тіркеумен және сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган (әрі қарай – уәкілетті мемлекеттік орган) берген, сақтандыру қызметін іске асыру құқығына деген мемлекеттік лицензияның бар болуымен анықталады.

3. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен осы Жарғыға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағы мен басқа шетелдерде басқа занды тұлғалардың жарғылық қорына қатысуға құқылы.

4. Қоғам өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

#### 4 бап. Қоғам мен оның акционерлерінің жауапкершілігі

1. Қоғам өзінің акционерлерінің мүлкінен оқшауланған мүлікке ие болады және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өзінің міндеттемелері бойынша өзінің мүлкінің шеңберінде жауапкершілік көтереді.

2. Акционерлер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заң актілері қарастырған жағдайларды қоспағанда, оларға тиесілі акциялардың құны шеңберінде Қоғамның қызметімен байланысты шығындар қаупін көтереді.

3. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, дәл солайша, Қазақстан Республикасының заңнамасы қарастырған және Қоғам не мемлекет сондай жауапкершілікті өзіне алған жағдайларды қоспағанда, мемлекет Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

#### 5 бап. Қоғамның филиалдары, өкілдіктері және еншіліс ұйымдары

1. Қоғамның филиалын (өкілдігін) құру (басқару, қайта тіркеу) Қазақстан Республикасының заңнамасы қарастырған тәртіpte іске асырылады.

2. Қоғам филиалының (өкілдігінің) Қоғамның атауына дәл келетін атауы бар.

3. Қоғам уәкілетті мемлекеттік органнан өзінің филиалын (өкілдігін) ашуға келісім алуға міндетті.

4. Қоғам өкілдігінің сақтандыру операцияларын іске асыруға құқығы жоқ.

5. Қоғам филиалының басшы қызметкерлері (филиалдың бірінші басшысы мен бас бухгалтері) лауазымға тек уәкілетті мемлекеттік органның оларды сайлауға (тағайындауға) келісімі бар болғанда ғана сайланады (тағайындалады).

6. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес, Қоғам берген сенімхат негізінде әрекет етеді.

7. Қоғам өзінің филиалдарының (өкілдіктерінің) қызметі үшін жауапкершілік көтереді.

8. Қоғам өзінің еншілес сақтандыру үйымдарын құруға құқылы.

9. Еншілес сақтандыру үйымы өзінің толық атауында “еншілес” деген сөзді және Қоғамның атауына сәйкес келетін атауды (толық не ішінара) көрсетуге міндеті.

#### 6 бап. Қоғамның деректемелері

1. Қоғам дәңгелек мәрге, филиалдар мен өкілдіктердің мәрлеріне, мөртаңбаларға, бланктерге, эмблемалар мен оның қызметін іске асыру үшін қажетті өзге деректемелерге ие болады.

2. Қоғамның деректемелері Қоғамның бір және одан көп жұмыс тілдері – мемлекеттік, орыс не ағылшын тілдерінде рәсімделеді.

#### 7 бап. Қоғамның қызмет мерзімі

1. Қоғамның қызмет мерзімі шектелмеген.

#### 8 бап. Қоғамның қызметі

1. Қоғам қызметінің негізгі мақсаты жарғылық қызметті іске асыру арқылы табыс алу және оны акционерлердің мүддесі үшін, сондай-ақ Қоғамның қызметін дамыту үшін пайдалану болып табылады.

2. Сақтандыру қызметі Қоғам іске асыратын кәсіпкерлік қызметтің негізгі түрі болып табылады.

3. Қоғам сақтандыру қызметінен басқа тағы да Қазақстан Республикасының заңнамасы тыйым салмаған қызметтің өзге түрлерін іске асыруға құқылы.

4. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лицензиялануы тиіс қызметтің барлық түрлерін Қоғам тек заң белгілеген тәртіpte алғынған лицензия бар болған кезде ғана іске асыруға құқылы.

#### 9 бап. Қоғамның мұлкі

1. Қоғамның мұлкі оған меншік құқығы негізінде тиесілі болады.

2. Қоғамның мүлкі:

- 1) акционерлердің Жарғылық қорға салған салымдарының;
- 2) қызмет нәтижесінде алынған табыстардың;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа негіздер бойынша алынған өзге мүліктің есебінен құралады.

10 бап. Қоғамның Жарғылық қоры

1. Қоғамның Жарғылық қоры Қоғамның сақтандыру ретіндегі қызметін қаржыландыру, оның міндеттемелерін қамтамасыз етуге арналған және акционерлердің Қазақстан Республикасының заңнамасы қарастырған тәртіpte акцияларды төлеуі арқылы құралады. Акциялар құжатсыз түрде шығарылады.
2. Қоғамның Жарғылық қоры 239 500 000 (екі жүз отыз тоғыз миллион бес жүз мың) теңгені құрайды және әрқайсысының номиналды құны 1000 (бір мың) теңге болатын 239 500 (екі жүз отыз тоғыз мың бес жүз) тал қарапайым акцияларға бөлінген.
3. Осы баптың 2 тармағында көрсетілген барлық акциялар Қоғам акционерлерінің арасында орналастырылған жарияланған акциялар болып табылады.
4. Акционерлердің жарғылық қорға салған салымдары тек Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы ақшалардан ғана тұрады.
5. Қоғамның акционерлері алынатын акцияларды тек ұлттық валютадағы ақшамен төлеуге міндетті.
6. Акционерді акцияларды төлеу міндетінен босату, соның ішінде Қоғамға талаптарды есепке алу арқылы босату рұқсат етілмейді.
7. Эрбір акционердің Қоғамның мүлкіндегі үлесі оның Жарғылық қорға Қоғамның акцияларын алуы нәтижесінде салынған салымдарына пара-пар болады және тиесілі акциялардың санымен есептеледі.
8. Қоғам акционерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген тәртіpte акцияларды артықшылықты сатып алуға құқығы бар.
9. Қоғам өзінің акцияларын тек уәкілетті мемлекеттік органдардың келісімімен ғана оларды бақылау құқығына ие болған акционерлерден мәміленің нәтижесінде Қоғамның қаржылық тұрақтылығы мен төлем қабілеттілігі сұрақтарына қатысты заңнама талаптары бұзылмайды деген шартпен өтеп алуға құқылы.
10. Қоғамның жарғылық қорын ұлғайту акционерлердің жалпы жиналысының не соттың шешімі бойынша, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы қарастырған тәртіпке және шарттарға сәйкес акцияларды шығару және орналастыру арқылы рұқсат етіледі.

11. Қоғамның акцияларын шығарудың анықтамалығы Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес тіркелуі тиіс.

#### 11 бап. Акциялар. Құнды қағаздарды орналастыру

1. Қоғам шығаратын және Акционердің Қоғамды басқаруға қатысу, ол бойынша дивиденд және оны таратқан кезде мүліктің бір бөлігін алу құқығын қуәландыратын құнды қағаз болып табылады.

2. Акцияның құны Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында беріледі.

3. Акциялар бөлінбейді. Егер акция ортақ меншік құқығы негізінде бірнеше тұлғаларға тиесілі болатын болса, олардың барлығы бір акционер деп танылады және өзінің өкілі арқылы акциялармен қуәландырылған құқықтарды пайдаланады.

4. Қоғам акционерлердің Жалпы жиналысы жарияланған акциялардың санын ұлғайту туралы шешім қабылдаған күннен бастап бір ай ішінде жарияланған акцияларды шығаруды мемлекеттік тіркеу үшін құжаттар беруге міндепті. Қоғамның акцияларын оның жарияланған акцияларының саны шеңберінде орналастыру туралы шешімді Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайды.

5. Жарияланған акцияларды шығаруды мемлекеттік тіркеудің тәртібін үәкілдепті мемлекеттік орган белгілейді.

6. Қоғам өзінің акцияларын оларды шығаруды мемлекеттік тіркегеннен кейін орналастыруға құқылы.

7. Акцияларды орналастыру бәсеке саудалар, жазылу арқылы іске асырылады.

8. Қоғам жазылу арқылы орналастырған акциялар Директорлар кеңесі белгілеген орналастыру бағасы бойынша сатылуы тиіс, бұл ретте акцияларды орналастырудың бағасы осы орналастыру шеңберінде акцияларды алатын тұлғалардың барлығы үшін бірыңғай болуы керек.

9. Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімін құру, жүргізу және сақтаудың тәртібін, сондай-ақ үәкілдепті органға ол бойынша ақпарат беруді Қазақстан Республикасының құнды қағаздар нарығы туралы заңнама анықтайды.

10. Қоғам тек қарапайым акцияларды шығаруды іске асыруға құқылы.

11. Қоғамның алтын акцияны, артықшылықты акцияларды, облигацияларды, өзге қарыз және олардың туынды құнды қағаздарын, вексельдерді шығаруға құқығы жоқ.

#### 12 бап. Қоғам акционерлерінің құқықтары

1. Қоғам акционерінің:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен осы Жарғы қарастырған тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивидендер алуға;

- 3) акционерлердің Жалпы жиналысы және осы Жарғы анықтаған тәртіпте Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде Қоғамның қаржылық қызметімен танысуға;
- 4) тіркеушіден не номиналды ұстаушыдан оның Қоғамның құнды қағаздарына деген меншік құқығын растайтын көшірмелер алуға;
- 5) Қоғам акционерлерінің Жалпы Жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;
- 6) Қоғамның лоргандары қабылдаған шешімдерді сот тәртібінде даулауға;
- 7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша өтінімдер беруге және өтінімнің Қоғамға жеткен күнінен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;
- 8) Қоғамды таратқан кезде мүліктің бір бөлігіне;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген тәртіпте ацияларды артықшылықты сатып алуға;
- 10) Қоғамның органдары заңнама нормалары мен Қоғамның Жарғысын бұзатын өрекеттер жасаған жағдайда, өзінің құқықтары мен заңды мұddeлерін қорғау үшін мемлекеттік органдарға өтініш жасауға; құқығы бар.

## 2. Қоғамның ірі акционері, сондай-ақ:

- 1) акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруды талап етуге не директорлар кеңесі Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша сұрақтар енгізуі ұсынуға;
  - 2) Директорлар кеңесіне осы Жарғыға сәйкес акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша сұрақтар енгізуі ұсынуға;
  - 3) Қоғамның Директорлар кеңесінің мәжілістерін шақыруды талап етуге;
  - 4) өзінің есебіне аудиторлық үйымның Қоғамның аудитін жүргізуі талап етуге
- құқығы бар.

## 13 бап. Қоғам акционерінің міндеттері

### 1. Қоғамның акционері:

- 1) акцияларды төлеуге;
- 2) Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы тіркеушіні не осы акционерге тиесілі акцияларды номиналды ұстаушыны он күннің ішінде хабардар етуге;
- 3) қызметтік, коммерциялық не заң қорғайтын өзге құпияны құрайтын Қоғам не оның қызметі туралы ақпараттық жария етпеуге;

4) осы Жарғы және Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес өзге міндеттерді атқаруға міндетті.

2. Қоғам мен тіркеуші акционердің осы баптың 1 тармағының 2) тармақшасы белгілеген талаптарды орындауда үшін салдарлары үшін жауапкершілік көтермейді.

14 бап. Қоғамның құнды қағаздарын кепілге беру

1. Қоғам акционерінің акцияларды кепілге беруге құқығы бар.
2. Егер кепіл шарттары өзге нәрсе қарастырмаған болса, акционердің ол кепілге берген акция бойынша дауысқы және дивидендтер алуға құқығы бар болады.
3. Қоғам кепілге ол орналастырған акцияларды тек Заң қарастырған жағдайларда ғана қабылдай алады.
4. Егер кепіл шарттары өзге нәрсе қарастырмаған болса, Қоғам орналастырған және онда кепілде тұрған акциялар бойынша дауыс құқығы акционерге тиесілі болады. Қоғамның онда кепілде тұрған өзінің акцияларымен дауыс беруге құқығы жоқ.
5. Қоғамның акцияларын кепілге беруді тіркеудің тәртібі Қазақстан Республикасының құнды қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес анықталады.

15 бап. Таза табысты бөлудің тәртібі. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер.

1. Қоғамның баланстық және таза табысы Қазақстан Республикасының заңнамасы қарастырған тәртіпте анықталады.
2. Қоғамның таза табысы (салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін) Қоғамның билігінде қалады.
3. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер, дивидендтерді төлеу туралы шешім акционерлердің жылдық Жалпы жиналысында Қоғамның дауыс беретін акцияларының көпшілігімен қабылданды деген шартпен, ақшамен не Қоғамның құнды қағаздарымен төленеді. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтерді Қоғамның құнды қағаздарымен төлеу, тек егер осындай төлем акционердің жазбаша келісім бар бола отырып, Қоғамның жарияланған акцияларымен ғана іске асырылатын болса ғана, рұқсат етіледі.

Дивидендтер алу құқығына ие болатын акционерлердің тізі дивидендтер төлеу басталатын күннің алдындағы күні жасалуы керек.

4. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеу төлем агенті арқылы жүргізуі мүмкін. Төлем агентінің қызметіне ақы төлеу Қоғамның есебінен жүргізіледі.
5. Қоғамның өзі орналастырмаған не өтеп алмаған акциялары бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

6. Бір акцияға шаққандағы дивидендтер көлемін Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналышы белгілейді.

7. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеу Заң қаастырған жағдайларда рұқсат етілмейді.

8. Тоқсаннның қорытындылары бойынша Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтер төлеу Директорлар кеңесінің шешімі бойынша іске асырылады. Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді акционерлердің жылдық Жалпы жиналышы қабылдайды.

9. Қоғамның аталған органдары Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешімді шешім қабылдаған күннен бастап он күн ішінде, сол шешімді баспасөз беттерінде міндетті түрде жариялай отырып, қабылдауға құқылы.

10. Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бұл шешім баспасөз беттерінде жариялануы керек. Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде Заң қаастырған мәліметтер болуы керек.

#### 16 бап. Шығындарды өтеудің тәртібі. Қоғамның резервтік қоры.

1. Қоғамның қызмет нәтижесінде не онымен байланысты пайда болатын шығындарын жабу үшін Қоғам резервтік қор құрады.

2. Резервтік қор Қоғамның таза табысынан жыл сайынғы аударымдар жасау арқылы құрылады, жыл сайынғы аударымдардың көлемі акционерлердің Жалпы жиналышының шешімімен белгіленеді. Резервтік қор Қоғамды бастапқы мемлекеттік тіркеу мезетінен бастап екі жыл ішінде құрылуы керек.

3. Егер қандай да бір төлемдердің нәтижесінде Қоғамның резервтік қоры оның жарғылық қорының акционерлердің Жалпы жиналышы белгілеген көлемінен аз болатын болса, Қоғам аударымдарды резервтік қорды көрсетілген мөлшерге дейін толықтыру үшін қайта бастауға міндетті.

4. Резервтік қордың қаражаттарына билік етудің тәртібін акционерлердің Жалпы жиналышы бекітеді.

#### 17 бап. Қоғамның органдары

1. Қоғамның органдары:

- 1) жоғарғы орган – акционерлердің Жалпы жиналышы
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма;
- 4) бақылау орган – Тексеру комиссиясы.

18 бап. Акционерлердің жалпы жиналышы. Акционерлердің Жалпы жиналышының құзіреті.

1. Акционерлердің Жалпы жиналышы жылдық және кезектен тыс жиналыштарға бөлінеді. Қоғам акционерлердің жылдық Жалпы жиналышын өткізуге міндettі. Акционерлердің өзге Жалпы жиналыштары кезектен тыс болып табылады.
2. Акционерлердің жыл сайынғы Жалпы жиналышында Қоғамның жылдық қаржылық есеп беруі бекітіледі, Қоғамның өткен қаржылық жылдағы таза табысын бөлудің тәртібі және Қоғамның бір қарапайым акциясина шаққандағы дивиденд көлемі анықталады. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналышы шешім қабылдаулары акционерлердің Жалпы жиналышының құзіретіне жатқызылған басқа да сұрақтарды қарастыруға құқылы.
3. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналышы қаржылық жыл аяқталғаннан кейін бес ай ішінде өткізілуі керек.

Көрсетілген мерзім Қоғамның есепті кезеңдегі аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда, үш айға дейін ұзартылған деп саналады.

4. Акционерлердің Жалпы жиналышының ерекше құзіретіне келесі сұрақтар жатады:

- 1) Қоғамның жарғысына өзгертулер және толықтырулар енгізу не оны жаңа басылымда бекіту;
- 2) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру не тарату;
- 3) Қоғамның жарияланған акцияларының санын өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 4) санақ комиссиясының сандық құрамын және уәкілеттер мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың уәкілеттерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 5) Директорлар кеңесінің, Тексеру комиссиясының сандық құрамын, уәкілеттер мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың уәкілеттерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің, Тексеру комиссиясы мүшелерінің сыйақыларының көлемін және төлеу шарттарын анықтау;
- 6) Қоғамның аудитін іске асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
- 7) жылдық қаржылық есеп беруді бекіту;
- 8) Қоғамның тексеру комиссиясының жылдық қорытындысын бекіту;
- 9) Қоғамның есепті қаржылық жылдағы таза табысын бөлудің тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және жылдың қорытындылары бойынша Қоғамның бір қарапайым акциясина шаққандағы дивиденд көлемін бекіту;
- 10) Заңның 22 бабының 5 тармағы қарастырған жағдайлар орын алған кезде, Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;

- 11) жиынтығы қоғамға тиесілі бар активтердің жиырма бес және одан артық пайызын құрайтын активтерінің бір не бірнеше бөлігін беру арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға не қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 12) Қоғамның ірі және жасауға Қоғам мүдделі болатын мәмілелерді жасауы туралы шешімдерді бекіту;
- 13) Қоғамның міндеттемелерін оның меншік қорының жиырма бес және одан артық пайызын құрайтын сомаға ұлғайту туралы шешім қабылдау;
- 14) Қоғамның акционерлерге акционерлердің Жалпы жиналышын шақыру туралы хабарлауының түрін анықтау және осындай ақпаратты баспасөз бетінде орналастыру туралы шешім қабылдау;
- 15) Қазақстан Республикасының құнды қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес Қоғам акцияларды өтеп алған кезде, олардың құнын анықтаудың әдістемесін бекіту;
- 16) акционерлердің Жалпы жиналышының күн тәртібін бекіту;
- 17) акционерлерге Қоғамның қызметі туралы ақпарат берудің тәртібін анықтау, соның ішінде баспасөз бетін анықтау;
- 18) санақ комиссиясының функцияларын акционерлердің Жалпы жиналышының хатшысына (не оның орнын басқан тұлғаға) жүктеу;
- 19) Қоғамның жаңа басылымдағы Жарғысына, оған жасалған өзгертулер мен толықтыруларға қол қою бойынша уәкілеттерді атқарушы органның басшысына (Басқарма Төрағасына) беру туралы шешім қабылдау;
- 20) Директорлар кеңесінің Қоғамның резервтік қорының қаражаттарына билік етудің тәртібі туралы шешімін бекіту.

Акционерлердің Жалпы жиналышының осы баптың 1 тармағының 1) – 3) тармақшаларында көрсетілген сұрақтар бойынша шешімі Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының басым көпшілігімен қабылданады.

Акционерлердің Жалпы жиналышының өзге сұрақтар бойынша шешімдері Қоғамның дауыс беруге қатысқан дауыс беретін акцияларының жалпы санының қарапайым көпшілігімен қабылданады.

5. Егер Қазақстан Республикасының заң актілері өзге нәрсе қарастырмадан болса, шешім қабылдаулары акционерлердің Жалпы жиналышының ерекше құзіретіне жатқызылған сұрақтарды Қоғамның басқа органдарының, лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің құзіретіне беру рұқсат етілмейді.

6. Акционерлердің Жалпы жиналышы Қоғамның өзге органдарының Қоғамның ішкі қызметіне қатысты сұрақтар бойынша кез-келген шешімін жоюға құқылды.

19 бап. Акционерлердің Жалпы жиналышын шақырудың тәртібі

1. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады.
2. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы:
  - 1) Директорлар кеңесінін;
  - 2) ірі акционердің;бастамасы бойынша шақырылады.

Ерікті түрде таратылу процесінде тұрған Қоғам акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысын Қоғамның тарату комиссиясы шақыруы, дайындауы және өткізуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының заң актілері акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын міндettі түрде шақыру жағдайларын қарастыруы мүмкін.

3. Акционерлердің Жалпы жиналысын дайындау мен өткізуді:

- 1) атқарушы орган;
  - 2) Қоғамның тіркеуешісі онымен жасалған шартқа сәйкес;
  - 3) Директорлар кеңесі;
  - 4) Қоғамның тарату комиссиясы
- іске асыра алады.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген жағдайларды қоспағанда, акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу бойынша шығындарды Қоғам көтереді.

5. Қоғамның органдары Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын шақырудың тәртібін бұзған жағдайда, Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы соттың кез-келген мүдделі тұлғаның талабы бойынша қабылдаған шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

Егер Қоғамның органдары ірі акционердің акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын өткізу туралы талабын орында маса, Қоғам акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысы соттың Қоғамның ірі акционерінің талабы бойынша қабылдаған шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

20 бап. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын ірі акционердің бастамасы бойынша шақыру мен өткізудің ерекшеліктері

1. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесіне Қоғамның атқарушы органы орналасқан жерге осындай жиналыстың күн тәртібі көрсетілген сәйкесінше жазбаша хабарландыру жіберу арқылы беріледі.

2. Директорлар кеңесі аталған талапты алған күннен бастап он күні ішінде шешім қабылдалап, осы талапты қойған тұлғаға акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы хабарландыруды жіберуге міндettі. Қойылған талапқа сәйкес акционерлердің кезектен

тыс Жалпы жиналышын шақырған кезде, Директорлар кеңесі Жалпы жиналыштың күн тәртібін өз білгенінше кез-келген сұрақтармен толықтыруға құқылы.

21 бап. Акционерлердің Жалпы жиналышына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі

1. Акционерлердің Жалпы жиналышына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін Қоғамның тіркеушісі Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімінің деректері негізінде жасайды. Аталған тізімді жасау күні Жалпы жиналышты өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте болмауы керек.

Акционерлердің тізіліміне кіргізілуі керек мәліметтерді уәкілетті мемлекеттік орган анықтайды.

2. Егер тізімді жасағаннан кейін, акционерлердің Жалпы жиналышына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізіміне енгізілген тұлға оған тиесілі Қоғамның дауыс беретін акцияларын шеттеген болса, акционерлердің Жалпы жиналышына қатысу құқығы жаңа акционерге өтеді. Бұл ретте акцияларға деген меншік құқығын растайтын құжаттар берілуі керек.

22 бап. Жалпы жиналыш өткізілетін күн, уақыт және жер

1. Акционерлердің Жалпы жиналышы өткізілетін күн мен уақыт жиналышқа қатысуға құқығы бар тұлғалардың барынша көп саны қатыса алатындай етіп белгіленуі керек.

Акционерлердің Жалпы жиналышы атқаруши орган орналасқан елді мекенде өткізілуі керек.

2. Жиналышқа қатысушыларды тіркеу басталатын уақыт пен жиналыш өткізілетін уақыт Қоғамның санақ комиссиясына (оның орнын басқан тұлғаға) тіркеуді өткізу, жиналышқа қатысушылардың санын есептеу және оның кворумының бар екенін анықтау үшін жеткілікті уақыт беруі керек.

23 бап. Акционерлердің жалпы жиналышын өткізу туралы ақпарат

1. Акционерлер алда болатын Жалпы жиналышы туралы жиналыш өткізілетін күнге дейін отыз күнтізбе күннен кеш емес мерзімде, ал сырттай не аралас дауыс беру жағдайында, қырық бес күнтізбе күннен кеш емес мерзімде хабардар етілуі керек.

2. Акционерлердің Жалпы жиналышын өткізу туралы хабарландыру баспасөз бетінде жариялануы керек не акционер жазбаша хабарландыру жіберу арқылы хабардар етілуі керек.

Осы баптың 1 тармағында көрсетілген мерзімдерді санау хабарландыруды баспасөз бетінде жариялаған күннен өлде пошталық жіберу күнінен бастап жүргізіледі.

Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарды баспасөз бетінен өзге бүкара ақпарат құралдары арқылы тарату қосымша рұқсат етіледі.

3. Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландыру Заң қаастырған талаптарға сай келуі керек.

#### 24 бап. Акционерлердің қайталама Жалпы жиналысы

1. Акционерлердің қайталама Жалпы жиналысы акционерлердің бастапқы (болмаған) Жалпы жиналысын өткізудің белгеленген күнінен кейінгі күннен ерте емес мерзімге тағайындалады.

2. Акционерлердің қайталама Жалпы жиналысы акционерлердің болмаған Жалпы жиналысының жерінде өткізіледі.

3. Акционерлердің қайталама Жалпы жиналысының күн тәртібі акционерлердің болмаған Жалпы жиналысының күн тәртібінен өзгеше болмауы керек.

#### 25 бап. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі

1. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі құрайды және талқылауға шығарылатын нақты тұжырымдалған тізімі бар болуы керек.

Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін ірі акционер не Директорлар кеңесі толықтыруы мүмкін, тек Қоғамның акционерлері осындай толықтырулар туралы Жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес күннен кеш емес мерзімде хабарландырылды деген шарт орындалуы керек.

2. Қатысу тәртібінде өткізілетін акционерлердің Жалпы жиналысын ашқан кезде, Директорлар кеңесі ол қабылдаған күн тәртібін өзгерту туралы ұсыныстарды айтуға міндетті.

3. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту Қоғамның жиналыста өкілденген дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік дауысымен іске асырылады.

4. Күн тәртібіне өзгертулер мен толықтырулар, егер оларды енгізу үшін акционерлердің Жалпы жиналысына қатысқан және жиынтығы Қоғамның дауыс беретін акцияларының тоқсан бес пайзызынан кем емес бөлігіне ие болған акционерлердің (не олардың өкілдерінің) көпшілігі дауыс берген болса, енгізілуі мүмкін.

Акционерлердің Жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған кезде, акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертиле және (не) толықтырыла алмайды.

5. Акционерлердің Жалпы жиналысының оның күн тәртібіне енгізілмеген сұрақтарды қаастыруға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

**26 бап. Акционерлердің Жалпы жиналышының күн тәртібінің сұрақтары бойынша материалдар**

1. Акционерлердің Жалпы жиналышының күн тәртібінің сұрақтары бойынша материалдарда осы сұрақтар бойынша негізді шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемде ақпарат бар болуы керек.
2. Қоғамның органдарын сайлау сұрақтары бойынша материалдарда ұсынылатын кандидаттар туралы келесі ақпарат бар болуы керек:
  - 1) тегі, аты, қалау бойынша - әкесінің аты;
  - 2) білімі туралы мәліметтер;
  - 3) соңғы үш жылдағы жұмыс орындары және отырған лауазымдары туралы мәліметтер;
  - 4) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге ақпарат.
3. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналышының күн тәртібінің сұрақтары бойынша материалдар:
  - 1) Қоғамның жылдық қаржылық есеп беруін;
  - 2) Жылдық қаржылық есеп берудің аудиторлық есебі;
  - 3) Директорлар кеңесінің Қоғамның өткен қаржылық жылдағы таза табысын бөлудің тәртібі және Қоғамның бір қарапайым акциясына шаққандағы дивиденд көлемі туралы ұсыныстарын;
  - 4) Акционерлердің Жалпы жиналышын өткізу дің бастаушысының білгенінше өзге құжаттарды қамтуы керек.
4. Акционерлердің Жалпы жиналышының күн тәртібінің сұрақтары бойынша материалдар акционерлердің танысуы үшін жиналыш өткізілетін күнге дейін он күннен кеш емес мерзімде дайын болуы керек.

**27 бап. Акционерлердің Жалпы жиналышының кворумы**

1. Егер жиналышқа қатысу үшін оның қатысуышыларын тіркеу аяқталған мезетте акционерлердің тізіміне енгізілген акционерлер не олардың өкілдері, сондай-ақ осы Жарғының 21 бабының 2 тармағанда көрсетілген, жиынтығы Қоғамның дауыс беретін акцияларының елу және одан көп пайзызына ие болған тұлғалар тіркелген болса, акционерлердің Жалпы жиналышы күн тәртібінің сұрақтарын қарастыруға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылды.
2. Егер:

1) кворумның жоқ болуына байланысты болмаған акционерлердің Жалпы жиналышын шақырудың тәртібі сақталған болса;

2) тіркеу аяқталған мезетте оған қатысу үшін жиынтығы Қоғамның дауыс беретін акцияларының қырық және одан көп пайзына ие болған акционерлер (не олардың өкілдері), соның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелген болса

акционерлердің болмаған жалпы жиналышының орнына өткізілетін акционерлердің қайталама Жалпы жиналышы күн тәртібінің сұрақтары қарастыруға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

3. Акционерлерге сырттай дауыс беру үшін бюллетенъдер жіберген жағдайда, аталған бюллетенъдермен өкілденгендер және Қоғам Жалпы жиналышы қатысушыларын тіркеу мезетінде алғандар кворумды анықтаған және дауыс беру қорытындыларын шығарған кезде есептеледі.

Акционерлердің Жалпы жиналышын сырттай дауыс беру арқылы өткізген кезде кворум жоқ болған жағдайда, акционерлердің қайталама Жалпы жиналышы өткізілмейді.

## 28 бап. Санақ комиссиясы

1. Санақ комиссиясының функцияларын акционерлердің Жалпы жиналышының хатшысы іске асырады. Акционерлердің Жалпы жиналышының шешімі бойынша санақ комиссиясының функциялары Қоғамның тіркеушісіне жүктелуі мүмкін.

2. Санақ комиссиясы (оның орнын басатын тұлға):

1) акционерлердің Жалпы жиналышына қатысу үшін келген тұлғалардың уәкілеттерін тексереді;

2) акционерлердің Жалпы жиналышының қатысушыларын тіркейді және оларға акционерлердің Жалпы жиналышының күн тәртібінің сұрақтары бойынша материалдар береді;

3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетенъдердің жарамдылығын және оларда көрсетілген күн тәртібінің әрбір сұрағы бойынша дауыстарды анықтайды;

4) акционерлердің Жалпы жиналышының кворумының бар болуын, соның ішінде жиналыш өткізген уақыттың ішінде бар болуын анықтайды және кворумның бар не жоқ екені туралы хабарлайды;

5) акционерлердің Жалпы жиналышында акционерлердің құқықтарын жүзеге асырудың сұрақтарын түсіндіреді;

6) акционерлердің Жалпы жиналышы қарастырған сұрақтар бойынша дауыстарды санайды және дауыс берудің қорытындыларын шығарады;

7) акционерлердің Жалпы жиналышында дауыс берудің қорытындылары туралы хаттама жасайды;

8) Қоғамның мұрағатына дауыс беруге арналған бюллетенъдер мен дауыс берудің қорытындылары туралы хаттаманы береді.

3. Санақ комиссиясы (оның орнын басатын тұлға) акционерлердің жалпы жиналышында дауыс беруге арналған толтырылған бюллетендердегі ақпараттың құпиялығын қамтамасыз етеді.

## 29 бап. Акционерлердің Жалпы жиналышындағы өкілдік ету

1. Акционердің жеке өзі не өзінің өкілі арқылы акционерлердің Жалпы жиналышына қатысуға және қарастырлатын сұрақтар бойынша дауыс беруге құқығы бар.

Қоғамның лауазымды тұлғаларының акционерлердің Жалпы жиналышында акционерлердің өкілдері ретінде әрекет етуге құқығы жоқ.

Акционердің өкілі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рәсімделген сенімхат негізінде әрекет етеді.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасына не шартқа сәйкес акционердің атынан әрекет етуге не оның мүдделеріне өкілдік етуге құқығы бар тұлға үшін акционерлердің Жалпы жиналышына қатысу және қарастырлатын сұрақтар бойынша дауыс беру үшін сенімхат талап етілмейді.

## 30 бап. Акционерлердің Жалпы жиналышын өткізуудің тәртібі

1. Акционерлердің Жалпы жиналышын өткізуудің тәртібі осы Жарғыға және Қоғамның ішкі қызметін реттейтін Қоғамның өзге құжаттарымен әлде акционерлердің Жалпы жиналышының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін тікелей шешімімен анықталады.

2. Акционерлердің Жалпы жиналышын өткізгенге дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі оның акционерлердің Жалпы жиналышына қатысуға және дауыс беруге деген уәкілеттерін растайтын сенімхатты беруі керек.

Тіркеуден өтпеген акционер (оның өкілі) кворумды анықтаған кезде есептелмейді және оның дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

Егер келіп қатысу түрінде өткізілетін акционерлердің Жалпы жиналышының шешімімен өзге нәрсе қарастырылмаған болса, оған өзге тұлғалар шақырусыз қатыса алады. Мұндай тұлғалардың акционерлердің Жалпы жиналышында сөз сейлеу құқығы акционерлердің Жалпы жиналышының шешімімен белгіленеді.

3. Акционерлердің жалпы жиналышы кворум бар болған кезде жарияланған уақытта ашылады.

Акционерлердің Жалпы жиналышы акционерлердің (олардың өкілдерінің) барлығы тіркелген, хабарландырылған және жиналышты ашу уақытын өзгертуге қарсы болмаған жағдайды қоспағанда, жарияланған уақыттан ерте ашыла алмайды.

4. Акционерлердің Жалпы жиналышы Жалпы жиналыштың төрағасын (президиумды) және хатшысын сайлауды өткізеді.

Акционерлердің Жалпы жиналысы дауыс берудің түрін – ашық не құпия (бюллетендер бойынша) дауыс беруді анықтайды. Акционерлердің Жалпы жиналысының төрағасы (президиумы) мен хатшысын сайлау туралы сұрақ бойынша дауыс берген кезде, әрбір акционер бір дауысқа ие болады, ал шешім қатысқандардың санының қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.

Жиналысқа қатысқан барлық акционерлер атқарушы органға кіретін жағдайларды қоспағанда, атқарушы органның мүшелері акционерлердің Жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.

5. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу барысында, оның төрағасы қарастырылып отырған сұрақ бойынша таласты тоқтату туралы, сондай-ақ ол бойынша дауыс берудің тәсілін өзгерту туралы ұсынысты дауыс беруге шығаруға құқылы.

Төрағаның күн тәртібінің сұрағы бойынша қатысуға құқығы бар тұлғалардың сез сөйлеуіне, осындай сез сөйлеулер акционерлердің Жалпы жиналысының тәртібін бұзуға әкелетін не осы сұрақ бойынша талас тоқтаған жағдайларды қоспағанда, кедергі келтіруге құқығы жоқ.

6. Акционерлердің Жалпы жиналысы өзінің жұмысында үзіліс жасау туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, соның ішінде акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінің жекелеген сұрақтарын қарастыруды келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

7. Акционерлердің Жалпы жиналысы тек күн тәртібінің барлық сұрақтарын қарастырғаннан кейін және олар бойынша шешімдер қабылдағаннан кейін ғана жабық деп жариялана алады.

8. Акционерлердің Жалпы жиналысының хатшысы акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасында бейнеленген мәліметтердің толықтығы мен шынайылығы үшін жауап береді.

31 бап. Акционерлердің Жалпы жиналысының сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдауы

1. Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдана алады. Сырттай дауыс беру акционерлердің Жалпы жиналысына қатысқан акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру) әлде акционерлердің Жалпы жиналысының мәжілісін өткізусіз қолданылуы мүмкін.

2. Сырттай дауыс беруді өткізген кезде, бірыңғай түрдегі дауыс беруге арналған бюллетенъдер акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберіледі (таратылады).

Қоғамның акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс берудің нәтижелеріне ықпал ету мақсатында дауыс беруге арналған бюллетенъдерді жекелеген акционерлерге таңдамалы түрде жіберуге құқығы жоқ.

3. Дауыс беруге арналған бюллетенің акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға акционерлердің Жалпы жиналысын өткізетін күнге дейін қырық бес күннен кеш емес мерзімде жіберілуі керек.

4. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніде:

1) Қоғамның атқарушы органдың толық атауы және орналасқан жері;

2) жиналысты шақырудың бастаушысы туралы мәліметтер;

3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетендерді берудің ақырғы күні;

4) акционерлердің Жалпы жиналысының мәжілісі өткізілетін күн әлде акционерлердің Жалпы жиналысының мәжілісін өткізуіз сырттай дауыс беру үшін дауыстар саналатын күн;

5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) егер акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы сұрақтар бар болса, сайлауға ұсынылатын кандидаттардың аты-жөндері;

7) дауыс беру жүргізілетін сұрақтардың тұжырымдамасы;

8) "қолдаймын", "қарсымын", "қалыс қаламын" деген сөздермен берілген, акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінің әрбір сұрағы бойынша дауыс берудің варианттары;

9) күн тәртібінің әрбір сұрағы бойынша дауыс берудің (бюллетеніді толтырудың) тәртібін түсіндіру

бар болуы керек.

5. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніге жеке тұлға акционер осы тұлғаның жеке тұлғасын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып қол қоюы керек.

Занды тұлға – акционердің сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніне оның басшысы қол қойып, занды тұлғаның мөрімен бекітілуі керек.

Жеке тұлға – акционердің әлде занды тұлға – акционердің басшысының қолтаңбасы жоқ, сондай-ақ занды тұлғаның мөрі жоқ бюллетені жарамсыз деп танылады.

Дауыстарды санаған кезде, акционерлер бюллетеніде анықталған дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің мүмкін варианттарының тек біреуін ғана белгілеген сұрақтар бойынша ғана дауыстар есептеледі.

6. Егер акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы сұрақтар бар болатын болса, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніде жекелеген кандидаттарға берілген дауыстардың санын көрсету үшін жол бар болуы керек.

7. Егер ертеректе сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніді жіберген акционер аралас дауыс беру пайдаланалатын

акционерлердің Жалпы жиналышына қатысу және дауыс беру үшін келетін болса, акционерлердің Жалпы жиналышының кворумын анықтаған және күн тәртібінің сұрақтары бойынша дауыстарды санаған кезде оның бюллетені есептелмейді.

### 32 бап. Акционерлердің жалпы жиналышында дауыс беру

1. Келесі жағдайларды қоспағанда, акционерлердің Жалпы жиналышында дауыс беру "бір акция – бір дауыс" қағидастырылады:

1) Қазақстан Республикасының заң актілері қарастырылған жағдайларда акциялар бойынша бір акционерге берілетін дауыстардың ең көп санын шектеу;

2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлаған кезде кумулятивті дауыс беру;

3) акционерлердің Жалпы жиналышында дауыс беруге құқығы бар әрбір тұлғаға акционерлердің Жалпы жиналышын өткізуудің процедуралық сұрақтары бойынша бір дауыстан беру.

2. Кумулятивті дауыс беру кезінде акция бойынша берілетін дауыстарды акционер Директорлар кеңесінің мүшелігіне сайланатын бір кандидатқа толығымен бере алады не Директорлар кеңесінің мүшелігіне сайланатын бірнеше кандидаттардың арасында бөле алады. Директорлар кеңесіне сайланған деп ең көп дауыс берілген кандидаттар танылады.

3. Егер акционерлердің қатысу түрінде өткізілетін Жалпы жиналышында дауыс беру құпия тәсілмен іске асырылатын болса, осындай дауыс беруге арналған бюллетенъдер (осы бапта әрі қарай – қатысып құпия дауыс беру бюллетенъдері) құпия тәсілмен дауыс беру іске асырылатын әрбір жекелеген сұрақ бойынша жасалуы керек. Бұл ретте қатысып құпия дауыс беруге арналған бюллетеньде:

1) сұрақтың тұжырымдамасы не оның жиналыстың күн тәртібіндегі реттік нөмірі;

2) "қолдаймын", "қарсымын", "қалыс қаламын" деген сөздермен берілген сұрақ бойынша дауыс берудің вариантының қоғамның органдарына сайланатын әрбір кандидат бойынша дауыс берудің варианты;

3) акционерге тиесілі дауыстар саны

бар болуы керек.

4. Акционердің өзі бюллетеніге қол қоюға, соның ішінде Қоғамға осы Жарғыға сәйкес оған тиесілі акцияларды өтеп алу туралы талап қою мақсатында ниет білдірген жағдайды қоспағанда, қатысып құпия дауыс беруге арналған бюллетеніге акционер қол қоймайды.

Қатысып құпия дауыс беруге арналған бюллетенъдер бойынша дауыстарды санаған кезде, дауыс беруші бюллетеніде анықталған дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің мүмкін

варианттарының тек біреуін ғана белгілеген сұрақтар бойынша ғана дауыстар есептеледі.

### 33 бап. Дауыс берудің қорытындылары туралы хаттама

1. Дауыс берудің қорытындалары бойынша санақ комиссиясы (оның орнын басатын тұлға) дауыс берудің қорытындылары туралы хаттаманы жасайды және оған қол қояды.
2. Акционерде дауыс беруге шығарылған сұрақ бойынша ерекше пікірі бар болған кезде, Қоғамның санақ комиссиясы (оның орнын басатын тұлға) хаттамаға сәйкесінше жазу енгізуге міндетті.
3. Дауыс берудің қорытындалары туралы хаттаманы жасағаннан және қол қойғаннан кейін, хаттама жасауға негіз болған, қатысып құпия дауыс беруге және сырттай дауыс беруге арналған бюллетенъдер (соның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетенъдер) хаттмамамен бірге тігіледі және Қоғамның мұрагатына тапсырылады.
4. Дауыс берудің қорытындылары туралы хаттама акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасына қосылуы тиіс.
5. Дауыс берудің қорытындылары акционерлердің дауыс беру өткізілген Жалпы жиналысында жарияланады.
6. Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беруінің қорытындылары не сырттай дауыс берудің нәтижелері акционерлерге оларды баспасөз бетінде жариялау не акционерлердің Жалпы жиналысын жапқаннан кейін, он күн ішінде әрбір акционерге жазбаша хабарландыру жіберу арқылы жеткізіледі.

### 34 бап. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы

1. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жасалуы және қол қойылуы керек.
2. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында:
  - 1) Қоғамның атқарушы органдың толық атауы және орналасқан жері;
  - 2) акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілетін күн, уақыт және жер;
  - 3) акционерлердің жалпы жиналысында өкілденген Қоғамның дауыс беретін акцияларының саны туралы мәліметтер;
  - 4) акционерлердің Жалпы жиналысының кворумы;
  - 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
  - 6) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс берудің тәртібі;
  - 7) акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (президиумы) және хатшысы;
  - 8) акционерлердің Жалпы жиналысына қатысатын тұлғалардың сөз сөйлеуі;

9) акционерлердің акционерлердің Жалпы жиналышының күн тәртібінің дауыс беруге қойылған әрбір сұрағы бойынша дауыстарының жалпы саны;

10) дауыс беруге қойылған сұрақтар, олар бойынша дауыс берудің қорытындылары;

11) акционерлердің жалпы жиналышы қабылдаған шешімдер көрсетілуі керек.

### 3. Акционерлердің Жалпы жиналышының хаттамасына:

1) акционерлердің Жалпы жиналышының тәрағасы (президиум мүшелері) және хатшысы;

2) санақ комиссиясының мүшелері (олардың орнын басатын тұлғалар);

3) Қоғамның дауыс беретін акцияларының он және одан көп пайзына ие болған және акционерлердің Жалпы жиналышына қатысқан акционерлер

қол қоюы керек.

Қол қоюға міндетті тұлғаның хаттамаға қол қоюы мүмкін болмаған жағдайда, хаттамаға оның өкілі оған берілген сенімхат негізінде қол қояды.

4. Осы баптың З тармағында көрсетілген тұлғалардың қайсібірі хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайда, осы тұлға хаттамаға қосылуы тиіс, бас тартудың себебінің жазбаша түсініктемесін бере отырып, оған қол қойғаннан бас тартуға құқылы.

5. Акционерлердің Жалпы жиналышының хаттамасы дауыс берудің қорытындылары туралы хаттамамен, Жалпы жиналышқа қатысу және дауыс беру құқығына деген сенімхаттармен, хаттамаға қол қою және хаттамаға қол қоюдан бас тартудың себептерінің жазбаша түсіндірмелерімен бірге тігіледі. Аталған құжаттарды атқарушы орган сақтауы және акционерлерге танысу үшін кез-келген уақытта беруі керек. Акционердің талабы бойынша оған акционердің Жалпы жиналышының хаттамасының көшірмесі беріледі.

### 35 бап. Қоғамның Директорлар Кеңесі

1. Директорлар кеңесі Қоғамның осы жарғысы акционерлердің Жалпы жиналышының ерекше құзіретіне жатқызған сұрақтардың шешімін қоспағанда, Қоғам қызметінің жалпы басшылығын іске асырады.

2. Директорлар кеңесінің ерекше құзіретіне келесі сұрақтар жатады:

1) Қоғам қызметінің артықшылықты бағыттарын анықтау;

2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналыштарын шақыру туралы шешім қабылдау;

3) Қоғамның акцияларын орналастыру және жарияланған акциялардың саны шенберінде оларды орналастыру бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның орналастырылған акцияларды өтеп алуы туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның жылдық қаржылық есеп беруін алдын ала бекіту;

6) қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және есепті қаржылық жылда төленетін дивидендтерді қоспағанда, бір қарапайым акцияға шаққандағы дивиденд көлемін анықтау;

7) атқарушы органның сандық құрамын, уәкілеттер мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін, сондай-ақ олардың уәкілеттерін мерзімінен бұрын тоқтату;

8) атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің лауазымдық айлықтары мен еңбекақы және сыйақы шарттарын анықтау;

9) ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметінің қызметкерлерінің еңбекақысы мен сыйақы беру көлемі мен шарттарын анықтау;

10) бағалаушы мен аудиторлық үйымның қызметіне ақы төлеудің көлемін анықтау;

11) қоғамның резервтік қорын пайдаланудың (билік етудің) тәртібі туралы шешім қабылдау;

12) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (Қоғамның қызметін үйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттарды қоспағанда);

13) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

14) Қоғамның басқа үйымдарды құруға және қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

15) Қоғамның міндеттемелерін оның меншік қорының көлемінің он және одан көп пайызын құрайтын мөлшерге ұлғайту;

16) бұрынғы тіркеушімен шартты бұзған жағдайда, Қоғамның тіркеушісін таңдау;

17) қызметтік, коммерциялық не заң қорғайтын өзге құпияны құрайтын, Қоғам не оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;

18) ірі мәмілелерге, соның ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) бойынша мәмілелерге және жасауына Қоғам мүдделі болатын мәмілелерге отыру туралы шешім қабылдау;

19) уәкілдегі аудитордың, ішкі аудиттің не актуарийдің қорытындылары негізінде анықталған, Қоғамның қаржылық тұрақтылығы және төлем қабілеттілігі бойынша заңнама талаптарын бұзуға байланысты сұрақтарды қарастыру;

20) осы Жарғы қарастырған, акционерлердің Жалпы жиналышының ерекше құзіретіне жатпайтын өзге сұрақтар.

3. Директорлар Кеңесінің ерекше құзіретіне жатқызылған сұрақтар шешу үшін атқарушы органға беріле алмайды.

4. Директорлар кеңесінің осы жарғыға сәйкес оның атқарушы органдының құзіретіне жатқызылған сұрақтар бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ акционерлердің Жалпы жиналышының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

### 36 бап. Директорлар кеңесінің құрамы

1. Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде тек жеке тұлға бола алады.
2. Директорлар кеңесінің мүшелері:
  - 1) жеке тұлға- акционердің;
  - 2) Директорлар кеңесіне сайлауға акционерлердің мұдделерінің өкілдері ретінде ұсынылған тұлғалардың;
  - 3) басқа тұлғалардың (осы баптың З тармағы белгілеген шектеулерді есепке ала отырып)
- 3) қатарынан сайланады.

